



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

IV ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ФОРУМЫ

Әбу Насыр әл-Фарабидің 1155 жылдығына арналған  
«АДАМЗАТ ТАРИХЫНДАҒЫ ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫ»  
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция  
Алматы, 2-3 сәуір 2025 ж.

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

*Құрметті әріптестер!*

2025 жылдың 2-3 сәуір күндері әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті **IV ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ФОРУМЫ** аясында «АДАМЗАТ ТАРИХЫНДАҒЫ ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізеді.

Әлемдік ғылым мен мәдениет, соның ішінде Шығыс елдері, Орталық Азия, Қазақстан мәдениеті тарихында ұлы ойшыл, философ-энциклопедист Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Ұзлағ әл-Фараби ат-Түркидің (870-950) алатын орны ерекше.

Халықаралық Фараби Форумының негізгі мақсаты – әл-Фарабидің бай мұрасы арқылы қазіргі қоғам дамуының рухани, тарихи және философиялық негіздерін түсіндіру, ойшыл мұрасын зерттеп жүрген отандық және шетелдік ғалымдарды біріктіру, әлемнің жетекші ғалымдары арасындағы диалог пен ынтымақтастықтың жаңа алаңын құру.

Форумға қатысушылар ғылым мен білімнің интеграциясына, қазіргі қоғамның рухани-адамгершілік және тұлға мәдениетін жетілдіруге қатысты кең ауқымды өзекті мәселелерді талқылайды. Секциялар жұмысында әл-Фараби мұрасы және фарабитанудың өзекті мәселелері, түрік ғұламаларының мұрасындағы ізгі адам мәселесі және т.б. әлеуметтік-гуманитарлық ғылымының өзекті мәселелері қарастырылады. Форум барысында әл-Фарабидің философиясы мен қазақ халқының рухани мұрасы зерделеніп, руханиятты танудағы дискурстың әртүрлі формалары анықталады.

Форум аясында **Түрік халықтары Философия қоғамы Қазақ комитетінің II мәжілісі** өткізіледі. «Фарабитану» көптомдығының 1-5 томдарының тұсаукесері болады.

***Халықаралық Фараби Форумы жұмысының негізгі бағыттары:***

- Әл-Фараби және мәдениеттер сұхбаты;
- Әл-Фараби және Абай: рухани мұра үндестігі;
- Әл-Фараби және қазіргі заман: қоғам, этика және ғылым;
- Әл-Фараби және ислам философиясы: дәстүрлер мен жаңашылдық;
- Түркі дүниесіндегі интеллектуалды және рухани даму: әл-Фарабидің рөлі мен маңызы.

**Форум аясында келесі конференциялар мен пікірталас алаңдары жұмыс істен, байқаулар өткізіледі:**

- I «Аударма өркениет феномені: әл-Фараби мен түркі ғұламаларының мұрасы негізінде» халықаралық ғылыми конференциясы;
- II «Әл-Фарабидің философиялық терминологияны қалыптастырудағы рөлі: философия тілі» Пікірталас алаңы;
- III «Әл-Фараби және психологиялық ғылым: Қ.Б. Жарықбаев пен қазіргі ғалымдардың еңбектеріндегі дискурс» Пікірталас алаңы;
- IV «Әл-Фарабидің қазіргі қоғамдағы саяси идеяларының өзектілігі» Пікірталас алаңы;
- V «Әл-Фарабидің рухани мұрасының әлеуметтанулық перспективалары» Пікірталас алаңы;
- VI «Әл-Фараби мұрасы және білім берудегі басқарудың жаңа модельдері» Пікірталас алаңы;
- VII Ортағасырлық ислам ойшылдығының әлемдік өркениетке қосқан үлесі Пікірталас алаңы;
- VIII «Дін және әлеуметтік өмір: мәселелер мен перспективалар» Пікірталас алаңы;
- IX «Қазақстандағы дінтанулық білімнің өзекті мәселелері» Пікірталас алаңы;
- X «Қазақ даласының ойшылдары – әлем мұрағаттарындағы арабтілді дереккөзде» Пікірталас алаңы;
- XI «Мәтін конструкцияларындағы алогикалық және тілді реконструкциялау бағдарлары: лингвистикалық философия негізіндегі талдаулар» Пікірталас алаңы;
- XII «Әл-Фараби және қазақ елінің даму философиясы жөнінде» Кіші Фараби академиясының «Рухани әңгіме» Пікірталас алаңы;
- XIII «Бұл палата әл-Фараби мұраларының құндылығы арқылы бүгінгі жас ұрпақты тәрбиелеу механизмін ұсынады» Әл-Фараби атындағы мектеп-гимназиясының (Қарағанды қаласы) Пікірталас алаңы;
- XIV «Профессор А. Сембаевтың мұрасындағы педагогикалық идеялар және ұлттық құндылықтар» Пікірталас алаңы;
- XV «Исламдағы ғылым мен діннің байланысы» Пікірталас алаңы;
- XVI «Діни деструктивизм көрінісінің әлеуметтік-психологиялық аспектілері» Пікірталас алаңы;
- XVII «Өмірмәнділік ой толғамдар» эссе байқауы;
- XVIII «Қазақ философиясының өзектілігі» бейнероликтер байқауы;
- XIX Қазақстан Республикасы жалпы орта және кәсіби білім алушылары (колледж) арасында «Ең үздік ғылыми жоба» республикалық ғылыми жобалар байқауы;
- XX Теориялық және ғылыми даналықтың дамуындағы әл-Фарабидің орны.

Конференция жұмысына қатысу үшін ұсынылған форма бойынша өтініш пен мақала мәтінін жіберулеріңізді сұраймыз.

**ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАР:** әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, философия және саясаттану факультетінің философия кафедрасы, дінтану және мәдениеттану кафедрасы, саясаттану және саяси технологиялар кафедрасы, әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасы, педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы, жалпы және қолданбалы психология кафедрасы, әл-Фараби орталығы, Түрік халықтары Философия қоғамының Қазақ комитеті.

**КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ ЖҰМЫС ТІЛДЕРІ:** қазақ, орыс, ағылшын, түркі тілдері.

**ӨТКІЗУ ФОРМАСЫ:** аралас (YouTube трансляциясымен онлайн, офлайн форматта)

**КОНФЕРЕНЦИЯ ИДЕНТИФИКАТОРЫ:**

**КҮНІ МЕН УАҚЫТЫ:** 2025 жылдың 2-3 сәуірі

**ӨТКІЗІЛЕТІН ОРНЫ:** әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, әл-Фараби Ғылыми кітапханасы, Алматы қ., әл-Фараби даңғ. 71/27, 409 зал.

**БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ:**

Өсербаев Елдос Нұрланұлы (+77001404054)  
Балтымова Мира Рашидқызы (+77473667331)  
Зейнуллин Раймбек Бақытжанұлы (+77082392971)  
Электронды адрес: [farabiforum2025@gmail.com](mailto:farabiforum2025@gmail.com)  
Тел.: 8 (727) 377-33-33 (1759), 8 (727) 377-33-33 (1747).



**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ФОРУМЫНА ҚАТЫСАТЫНЫҢЫЗДЫ 2025 ЖЫЛДЫҢ 20 НАУРЫЗЫНА ДЕЙІН РАСТАУЫҢЫЗДЫ, 2025 ЖЫЛДЫҢ 25 НАУРЫЗЫНА ДЕЙІН КӨРСЕТІЛГЕН ЭЛЕКТРОНДЫ ПОШТАҒА МАҚАЛА АБСТРАКТИСІН ЖІБЕРУІҢІЗДІ СҰРАЙМЫЗ.**

#### **МАҚАЛАНЫ РӘСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

Көлемі 5-8 бетке дейін, MS WORD редакторында \*.doc, \*.rtf. нұсқасындағы мақалалар қабылданады. Файлдың аты алғашқы автордың аты-жөнімен сәйкес келуі керек.

Мәтін шрифті «Times New Roman» – 14. Шектері: жоғарғы – 2, төменгі – 2, сол жағы – 2, оң жағы – 2 см. Аралық интервал – бір. Интервал арқылы ортада қарамен белгіленген жазба әріптермен – **МАҚАЛА АТАУЫ**, оң жақта **автордың аты-жөні**, *ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, ұйымның аты, және қала, мемлекет*. Мақалада сілтемелер автордың аты, жылы, қолданылған бетін көрсетіп безендіріледі (Ахметов, 1991: 256). **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР** тізімі мақаланың соңында көрсетіледі. Сөйлем соңында нүкте сілтеме жақшасынан кейін қойылады. Кестенің терілуі үшін MS WORD редакторы қолданылады. Мақала антиплагиатқа тексеріледі.

Конференция материалдары PDF форматта шығарылады. Мақаланы жариялау тегін

#### **ҚОСЫМША 1**

#### **ТІРКЕЛУ ФОРМАСЫ**

Тегі Фамилия

---

Аты Имя

---

Әкесінің аты (толық)

---

Ғылыми дәрежесі, лауазымы

---

Жұмыс орны (елі, ұйымның толық атауы, кафедрасы)

---

Мекен-жай

---

Байланыс телефоны

---

E-mail

---

Секция

---

**ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ОЙ-ТАНЫМ МҰРАСЫ**

**Ж.Н. Бекенова**

*PhD*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

*Алматы қ., Қазақстан*

*Аңдатпа / Аннотация / Annotation*

*Тірексөздер: / Ключевые слова: / Keywords:*

**МӘТІН**

Мәтін, мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін.

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Ахметов А.А. Әл-Фараби философиясы. – Астана: Фолиант, 2025. – 121 б.